



Аптаалық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz

КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУДЕ ТИЯНАҚТЫЛЫҚ КЕРЕК

Жоғары оқу орындарының, білім ордасындағы оқытушы-профессорлар құрамының басты міндеті жас ұрпаққа білім беру, студенттерді мамандандыру, елімізді кадр-мамандармен қамтамасыз етуге үлес қосу. Ертеңгі күні қолымды мезгілінен кеш сермедім демес үшін келесі оқу жылдарына талапкерлерді университетке тарту үшін бүгіннен қамдану қажет екендігін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұжымы назарда жіті ұстап келеді.

18 қарашада өткен ректорат мәжілісінде ҚазҰУ-дың ректоры Ғалым Мұтанов бастаған, университет проректорлары, факультет декандары, кафедра меңгерушілері, ректорат мүшелері күн тәртібінде кәсіби бағдар беру саласын талдап, таразылады. Бұл орайда «Талапкер» кәсіби бағдар беру орталығының директоры Бақытжан Сапаров университеттің кәсіби бағдар беру жұмысының жоспары туралы хабарлама жасады. Сапаров кәсіби бағдар беру жұмыстары нәтижелі болу үшін факультеттер еліміздегі мектептермен тығыз әріптестік байланыс орнатуды дамыту керектігін айтты.

Жалғасы 2-бетте

«ТАНЫ МЕНІ, АШЫП КӨР ҚҰПИЯМДЫ...»

Қараша айының 15-і күні физика-техникалық факультетінің ұйымдастыруымен киелі поэзия әлемінде өзіндік үн, өзіндік сыр, өзіндік бояу, ажары бар, сырлы да нәзік өлеңдерімен оқырман қауымын елең еткізіп, жырмен тербеп жүрген хәм есімі республикаға танымал дарынды ақын Жақып Бауыржан Өміржанұлымен «Таны мені, ашып көр құпиямды...» атты кездесу кеші өтті.



Студенттерді әдебиетті сүйеге, поэзияны құрметтеуге баулу және дарынды жастардың өнерін дамыту мақсатында университет басшылығының қолдауымен, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының лауреаты, «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалінің, «Құрмет» орденінің иегері, «Қазақ энциклопедиясының» бас редакторы Б.Ө. Жақыппен өткен кездесуде жылуфизика және техникалық физика кафедрасының студенттері ақын өлеңдерін жатқа оқып, ақын өлеңдеріне жазылған әндерін орындап, би биледі.

Жалғасы 6-бетте

ҚАЗҰУ ТАҒЫ ДА ЖЕҢІМПАЗ!

Саламатты дене мәдениетін қалыптастырып, салауатты өмір салтын ұстану – ҚазҰУ ұжымы мен тәлімгерлерінің берік ұстанымы. Қол жеткен табыстар мен жетістіктер де көңіл қуантады. Кешегі ректорат мәжілісінде ОПҚ құрамы осындай жарқын сәтке куә болды.



Еліміздегі жоғары оқу орындары білім сапасы жағынан ғана емес, спорттан да жыл сайын жарысқа түседі. Бұл сайыстарда ҚазҰУ-дың дене шынықтыру және спорт кафедрасы университет беделін асқақтатып келеді. ҚР Білім және ғылым министрлігі жариялаған биылғы VII жазғы универсиада қорытындысы бойынша да университет спортшылары биік деңгейден көрінді. Финалда 71 жоғары оқу орнынан 6037 қатысушы бақ сынасқан жарыста әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жалпы командалық есепте озып шығып, I орынды иеленді.

ҚР БЖҒМ Ұлттық ғылыми-практикалық дене шынықтыру орталығы бас директорының кеңесшісі, Универсиада бас төрешісінің орынбасары Съездхан Дауытханұлы жеңісті универсиада кубогы мен дипломын ректор Ғалым Мұтанұлына салтанатты түрде табыстады.

Съездхан Дауытханұлы: «Университетте спортқа үлкен көңіл бөлінетіні анық. ҚазҰУ өткен универсиадада спорттың 15 түрінен 1-орынды алды. Бұл үлкен жетістік. 70-тен астам оқу орны қатысқан жарыста ҚазҰУ оқ бойы озып шықты. ҚазҰУ студенттері дүниежүзілік универсиадаға да қатысып, жақсы нәтижелерге қол жеткізіп келеді.

Спортқа қолдау көрсеткені және үздік нәтижелері үшін орталық директоры университет басшысы Ғалым Мұтанұлына ҚР Білім және ғылым министрлігі мен Ұлттық ғылыми-практикалық дене шынықтыру орталығы атынан алғыс хат ұсынды.

Анатолий Арещенко: «Біз спорттың 34 түрінен қатыстық. Оның ішінде 25 команда жеңімпаз және жүлделі болды. 6 команда екінші орын, 4 команда үшінші орынды иеленді. Осы универсиада бойынша университет қоржыны 115 алтын медальмен толықты. ҚазҰУ қатарынан үшінші рет жоғары нәтижемен универсиада жеңімпазы атанды.

80 жылдық қарсаңындағы спортшылар сыйы мұнымен толастамақ емес. Себебі университет басшылығы мен ұжым спортқа әрқашан қолдау білдіруде. «Әрбір кафедра өз саласы бойынша осындай жетістіктерге ұмтылуы тиіс», – деген ректор Ғалым Мұтанұлы ұжымды жеңіспен құттықтады.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

ӘСКЕРИ КАФЕДРА ЖАНДАНБАҚ

15 қарашада әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың әскери кафедрасында Оңтүстік өңірдегі әскери кафедрасы бар жоғары оқу орындары басшыларының қатысуымен Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары Бақытжан Әбдірайыммен кездесу өтті.

Жиынға әскери кафедралары бар ЖОО-лардың проректорлары, әскери кафедра басшылары қатысты. Оқу-әдістемелік жиынның өткізілу мақсаты - қазіргі заман жағдайында запастағы офицерлерді дайындаудың өзекті, негізгі бағыттарын анықтау, әскери кафедрада сабақ өткізудің бірыңғай әдістемесін құрастыру, білім беру процесіне инновациялық әдіс жұмысын енгізу, ҚР ҚК жоғары білікті маманданған офицерлерін дайындау әдісі және жаңа түрінің ізденісін анықтау. Кездесуде ҚазҰУ ректоры Ғ. Мұтанов ҚР Қорғаныс министрінің орынбасары Б. Әбдірайымға білім ордасының әскери кафедрасының оқу-жаттығуға арналған құрал-жабдықтарымен, жұмыс барысымен таныстырды. Б. Әбдірайым: «Кездесуіміз Батыс, Орталық Қазақстан облыстарынан бастау алып, бүгін Оңтүстік өңірдегі әскери кафедра басшыларымен өтіп отыр.

Жалғасы 2-бетте

БҮГІНГІ САНДА:

«СТУДЕНТТІҢ ЖЕКЕ ҚАБІЛЕТІ МЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫ ЖОҒАРЫ БОЛСА, ТІЛДІ КӘСІБИ ДЕНГЕЙДЕ МЕНГЕРІП НЕТЕ АЛАДЫ...»

4-бет



БҮГІНГІ САНДА:

ЖЕЗ ҚОҢЫРАУ

7-бет



БҮГІНГІ САНДА:

БАСПАҒЕР БОЛАМЫН ДЕСЕҢ...

8-бет



РЕКТОРАТ

Жалғасы. Басы 1-бетте

КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУДЕ ТИЯНАҚТЫЛЫҚ КЕРЕК

Мектеп ұжымымен университет арасында көпір орната отырып, оқушыларды ҚазҰУ-да өткізілетін ғылыми жиындарға, халықаралық конференция жұмыстарына, семинарларға, ғылыми-зерттеу жобаларына қатыстыруға ықпал ету керектігін негізге алды. «Талапкер» кәсіби бағдар беру орталығы директорының айтуынша, аталмыш орталықпен «Дарын», «Бөбек», Алматы қаласы білім беру басқармалары арасында әріптестік меморандум жасалып, дарынды оқушылармен университет арасындағы байланыс жаңаша түрге енбек.

Сонымен бірге еліміздің түкпір-түкпіріндегі оқушыларға ҚазҰУ даярлайтын мамандықтардан ақпарат беру үшін Б. Сапаров факультеттерді «Әл-Фараби» журналының шығуына бір кісідей қолдау танытуға шақырды. Факультет тыныс-тіршілігінен, ғылым, білім жаңалықтарынан, шетелдік байланыстан хабар беретін жаңалықтарды тыңғылықты жариялауға үндеді. Кәсіби бағдар беруде жасалатын үлестірме парақшаларға тиянақтылық, мазмұндылық, жаңашылдық қырынан қарауға ұсыныс айтты.

Сондай-ақ бүгінде интернетке қолжетімділіктің және интернет тұтынушылар санының артуына байланысты баяндамашы әлеуметтік желілерге, интернет сайттарға арнайы бейнероликтер дайындап жариялау да кәсіби бағдар беруге үлкен үлес қосатындығын айтты. Бытыр талапкерлерге арналған кәсіби бағдар беру науқанындағы тәжірибе көрсеткендей, «You tube» сияқты қолданушылары көп желілерде жарияланған жарнамалар өте нәтижелі болған. Тағы бір ескерерлік жағдай, ол – бұқаралық ақпарат құралдарында да университет жайлы кеңінен таныстырып отыруды алға тартты. ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов айтылған ойларды пысықтай отырып, Виртуалды академия жұмысын жандандыруды қолға алу керектігін ескертті. Ректорат мүшелері баяндама тыңдалғаннан кейін көкейлеріндегі сұрақтарын қойып, біріге жұмыс атқаруға бекінді.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

Жалғасы. Басы 1-бетте

ӘСКЕРИ КАФЕДРА ЖАНДАНБАҚ

Қазіргі таңда әскери кафедралар жоғары оқу орны тарапынан қаржыландырылады. Әскери оқу-жаттығу жұмыстарына материалды-техникалық тұрғыдан қандай көмек қажеттігін айтыңыздар. Алдағы уақытта арнайы бағдарлама негізінде қолдан келер көмек жолдарын қарастырамыз. Республикада 25 әскери кафедра бар. Біз болашақта ақпараттық технологиядағы қауіпсіздік мамандарын және халықаралық деңгейдегі техника саласы мамандарын даярлауымыз керек. Осы туралы әскери кафедра басшыларымен кеңесіп, жұмыс тобын құрдық. Қазіргі таңда әскери кафедрасының базалық жағынан ҚазҰУ өте жоғары деңгейде білім беретін оқу орны, оқытушы-профессорлық құрамы да мықты, білім сапасы да жақсы. ҚазҰУ әскери кафедрада маман даярлауда көшбасшы болып отыр», - деді өз сөзінде. Ал ҚР ҚМ Әскери білім және ғылым департаментінің бастығы Қайрат Рашитұлы: «Бәріміз бас қосып, әскери кафедралардың жұмысын жақсарту, оңтайландыру, ұтымды пайдалану жолдарын қарастырып отырмыз. Осы орайда, ҚР Қорғаныс министрлігінің басшылары біршама шараларды ұйымдастырып жатыр. Біз жастарды алдыңғы қатарлы, қабілеті мол кәсіби әскерге дайындауымыз керек. ЖОО басшылары әскери-патриоттық тәрбиеге мән беріп, көңіл бөліп отырғаны бізді қуантады», - деген ойын айтты. Жиын барысында ҚазҰУ мен Құрлық әскерлері әскери институтының арасында меморандумға қол қойылды.

Еңлік АҚЖІПТ



Ғалым МҰТАНОВ,
ҚазҰУ ректоры:

- Дарынды жастарды университетке тарту керек. Сапалы контингент болса, сейкесінше, жұмыс барысы да жоғары деңгейде болады. Үздік студент – үздік маман. Ал сапалы мама тек кафедра, факультет, университет беделінің ғана көрсеткіші емес, ол еліміздің абыройын әлемдік деңгейге шығаратын кадр екендігін үнемі есте сақтау керек. Талапкерлерді оқуға тарту үшін әр қызметкер өзі тәмамдаған мектеппен байланысты үзбей, әріптестікті дамытып отырса, қаншама оқушы университет жұмыстарымен хабардар болады.



Виталий САЛЬНИКОВ,
География және табиғатты пайдалану факультетінің деканы:

- Талапкерлерге кәсіби бағдар беруде ең тиімді жұмыс – оқушылармен тығыз қарым-қатынас. Мектептермен телекөпір арқылы байланысу, қашықтық құралдары арқылы әңгімелесу өте тиімді. Сондай-ақ, интернет сайттарға факультеттер жайлы шағын фильмдер, жарнама роликтер жариялап отыру керек.

ПРОФЕССОР ШӘКІРТАҚЫ ҰСЫНДЫ

Қараша айының 15-ші жұлдызында физика-техникалық факультетінде теориялық және ядролық физика кафедрасының профессоры, тәжірибелі педагог, білікті және ұлағатты ұстаз, физика-математика ғылымдарының кандидаты Финаят Жұмабайұлы Мырзағалиевтың 80 жылдығына арналған «Физика және технология: заманауи күйі және болашағы» атты халықаралық жұмыс жиынының ашылу салтанаты өтті.

Жиынның ресми ашылуын ҚР ҰҒА академигі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Т.Ә. Қожамқұлов құттықтау сөзімен бастаса, мерейтой иесінің шәкірті, университеттің ғылыми-инновациялық жұмыс жөніндегі проректоры, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Т.С. Рамазанов мерейтой иесінің кеудесіне ҚазҰУ-дың «Күміс медалін» тақты.

Жиында Қазақстанның ғылым және білім ордаларының көрнекті ғалымдары, ұстаз шәкірттері қатысып құттықтауларын жеткізді. Олардың қатарында Фесенков атындағы Астрофизикалық институтының лаборатория меңгерушісі Л.М. Чечин, академик О.М. Сұлтанғазин атындағы Ғарыштық зерттеулер институтының лаборатория меңгерушісі



А.А. Беков және басқа ғалымдар бар. Сондай-ақ ЕҰУ ректоры Е.Б. Сыздықов, ММУ профессоры Ю.С. Владимиров, Мексика автономдық университетінің профессоры Х. Кеведо, Баласағұн атындағы Қырғыз университетінің профессоры О. Шаршекеев атынан құттықтау хаттары келді. Факультет басшылығы, оқытушы-профессорлар құрамы, кафедра меңгерушілері мен білімгерлері де өз лебіздерін жасырмады. Теориялық және ядролық физика кафедрасының меңгерушісі М. Әбішев профессордың отбасы атынан тағайындалған Ғ.Ж. Мырзағалиев атындағы шәкіртақыны физика мамандығының 2 курс студенттері Ғ. Балғымбеков пен М. Арзымбетоваға ұсынды. Құттықтау жиыны Ғ.Ж. Мырзағалиевтың үлкен немересі Алтаирдың орындауындағы қазақтың күйімен тамамдалды.

Р.С. ҚАБАТАЕВА,
физика-техникалық факультеті
теориялық және ядролық физика кафедрасының аға оқытушысы

МОЛОДЕЖЬ – ЗА БЕЗЪЯДЕРНЫЙ МИР

В новом сезоне Студенческого дискуссионного клуба «Политолог» состоялась встреча с ветераном Международного антиядерного движения «Невада-Семипалатинск», Заслуженным деятелем РК, кандидатом политических наук Нигметом Жотабаевым.

Известный казахстанский политический и общественный деятель, автор более 150 научных и публицистических работ Н.Жотабаев рассказал участникам заседания о значимых событиях в истории движения «Невада-Семипалатинск». Он поделился воспоминаниями о том, как 28 февраля 1989 года после телевизионного обращения поэта Олжаса Сулейменова народу Казахстана и митинга в Союзе писателей было принято решение о создании этого движения. «Невада-Семипалатинск» первым среди общественных движений СССР поставил задачу о закрытии всех ядерных полигонов в мире и, в первую очередь, Семипалатинского.

Нигмет Рахметович как очевидец событий в Семипалатинске рассказал студентам о тех страшных минутах взрыва: «Земля внезапно содрогнулась как при землетрясении. Огромный огненный гриб заполнил все небо, глаза слепили яркие вспышки и огнедышащие сполохи». По его мнению, закрытие полигона – это убедительный пример того, как усилиями общественности и руководства страны решаются серьезные общественно-политические проблемы. Также он подчеркнул, что: «Казахстан, отказавшись от ядерного оружия, доказал – оружие массового уничтожения чуждо самой человеческой природе. Проблема наличия ядерного оружия

у государств может решаться на основе сотрудничества, добрососедства и диалога».

На заседании члены клуба обсудили вопросы разоружения и ликвидации оружия массового уничтожения, вывоз ядерного арсенала с территории страны, стремление республики к обеспечению своей безопасности. Особенно сильное впечатление на них произвел показанный фильм о последствиях ядерных испытаний и их влиянии на здоровье людей. Картина заставила их сопереживать и вызвала живой интерес к проблемам состояния региона.

Завершая встречу, Н.Жотабаев рассказал о программе «Возрождение Земли и Человека»; организации научных исследований, нацеленных на реабилитацию территорий, подвергшихся радиоактивному заражению, решению проблем здоровья пострадавших от ядерных испытаний. «Молодежь должна знать прошлое своего народа, учиться у старших урокам нравственности, патриотизма, высокой гражданственности, гуманизма и ответственности за судьбу страны и планеты. Это необходимо для формирования у молодежи позиции, непримиримой с насилием, жестокостью и войнами».

Н.А. САИТОВА,
доцент кафедры политологии

20 қарашада «Биотехнология, нанотехнология және физика-химиялық биологияның өзекті мәселелері» атты халықаралық конференция өтеді

ТЕҢГЕ ТАҚЫРЫБЫН АРҚАУ ЕТКЕН ДӘРІС ЮБИЛЕЙ ШАРВАН НУРГОЖИНОЙ

Жақында халықаралық қатынастар факультеті дипломатиялық аударма кафедрасы оқытушыларының ұйымдастыруымен ҚР Мемлекеттік Орталық мұражай қызметкері Муксина Усманова факультетке келіп, студенттерге «Қазақстан ақшасының тарихы» атты дәріс оқыды. Ұлттық валюта – Теңге күніне орай ұйымдастырылған іс-шарада мұражай қызметкері студенттерге ақшаның шығу тарихы мен оның ежелгі кезде қолданылған және қазіргі қолданыстағы түрлері туралы толыққанды ақпарат беріп, «ақша әлеміне» саяхат жасады.

Дәріс барысында айтылған мағлұматқа ысқаша тоқталар болсақ, ежелгі және орта ғасыр дәуірінде Қазақстан территориясында сауда негізінен бронза, мыс, күміс, алтын сияқты металдардан құйылған ақша арқылы жүзеге асырылған екен. Қазіргі таңда мұражай қорында антикалық дәуірден бастау алып, барлық дәуірді қамтитын 34 мыңға жуық нумизматикалық материалдар сақталынған көрінеді. Ал тұңғыш Ұлттық валюта 1993 жылдың қарашасынан бері айналымға шықты. Жоғарғы Кеңестің жоспарлау бюджет комиссиясының сол кездегі төрағасы С.Тәкежановтың ұсынысымен Ұлттық валюта - теңге, ал оның жүзден бір бөлігін - тиын деп атау қабылданған. Олардың авторлары – суретші-дизайнерлер Х.М.Габжәлимов, Ә.Әлейменов, М.Әлин және А.Дүзелханов. Еліміздің алғашқы валютасы Англиядағы «Харрисон және оның ұлдары» атты ағылшын компаниясында дүниеге келген.

Сол уақыттан бері, міне, жиырма жылдай уақыт өтті. Ақша түрлері де, сапасы да және парды шығару себептері де өзгерген.

Дәлірек айтар болсақ, 1995 жылдан бастап Ұлттық Банк елдегі түрлі мерейтойлық даталар мен тарихи оқиғаларға қатысты естелік ақшалар мен монеталар шығаруды қолға алған. Мұндағы мақсат – елдегі тарихи оқиғаларды, көрнекті тұлғаларды, жалпы мемлекеттік мәні бар оқиғаларды, түрлі мерейтойлық даталарды, мәдениет және спорт саласындағы қол жеткізген жетістіктерді паш етіп, оларға зор құрмет көрсету және есте қалдыру. Атап айтар болсақ, олар - Тәуелсіздіктің 20 жылдығына арналған алтын ескерткіш монета, VII Азияда ойындарына арналған алтын монета, Ұлттық валютаның 15 жылдығына арналған мерейтойлық алтын монета, Астана қаласының 10 жылдығына арналған ескерткіш күміс монета және т.б.

Студенттер мемлекеттің «төлқұжаты» болып табылатын теңгеміз халық игілігі мен Қазақстанның өркендеуіне қызмет ете береді деген үлкен сеніммен тарқасты.

Л.А. ДҮЙСЕЕВА,
халықаралық қатынастар факультеті дипломатиялық аударма кафедрасының аға оқытушысы

Факультет журналистики КазНУ им. аль-Фараби отмечает юбилей доктора филологических наук, профессора кафедры «Печати и электронных СМИ» Нургожиной Шарван Искаковны. Более 30 лет работает профессор Ш.И.Нургожина на родном факультете, отдавая все силы, знания, опыт молодому поколению, будущим специалистам средств массовой коммуникации.

Ее научно-исследовательская деятельность привела к успешной защите кандидатской диссертации в 1989 году, затем к защите докторской диссертации в 2004 году. По итогам научно-педагогической работы в 2005 году Шарван Нургожина удостоена звания «Лучший преподаватель вуза страны».

Высокопрофессиональный специалист, пылкий исследователь, мудрый педагог Ш.Нургожина относится к поколению воспитанников и последователей научной школы, дела основателя теле- и радиожурналистики в Казахстане профессора М.К.Барманкулова. Она бережно хранит и передает из поколения в поколение лучшие традиции казахстанской школы журналистики. Ее ученики, выпускники факультета журналистики достойно представляют отечественную журналистику в самых разных СМИ в



Казахстане и за рубежом.

Мы от души поздравляем коллегу, профессора Ш.И.Нургожину с юбилеем и желаем ей творческого долголетия, талантливых учеников и новых научных открытий на благо родного факультета!

С.БАРЛЫБАЕВА,
д.и.н., профессор
факультета журналистики
К.МЫСАЕВА,
к.ф.н., доцент,
зам.декана по научно-инновационной
работе и международным связям
факультета журналистики КазНУ

ПАМЯТИ МУДРОГО НАСТАВНИКА МОЛОДЕЖИ

Жизнь не стоит на месте. Проходят годы, десятилетия, вчерашние студенты сами становятся известными учеными. Разительно меняется время, поколение сменяют друг, друга, и такими далекими становятся дела давно минувших дней. Но в памяти навсегда остаются яркие личности, еще долго влияющие на умы и сердца последующих поколений. Одним из таких людей по праву следует считать замечательного педагога, ученого, мудро наставника молодежи, первого заведующего кафедрой общей химии КазГУ им. С.М. Кирова доцента Хайруллу Дошановича Мулдағалиева.

Х.Д. Мулдағалиев в 1937 году окончил Ленинградский педагогический институт имени А.Н. Герцена. В период второй мировой войны преподавал химию в школе № 12 г. Алма-Ата и одновременно являлся ее директором. Учитывая его базовое высшее педагогическое образование и опыт работы преподавателем химии в школах, техникумах, педучилищах, директором школы, знание казахского и русского языков, Народный комиссариат просвещения Казахской ССР в 1943 году командировал Х.Д. Мулдағалиева в Монгольскую Народную Республику в г. Баян-Олгей.

После возвращения в г. Алма-Ату Х.Д. Мулдағалиев с 1946 г. и до конца своей жизни работал на химическом факультете КазГУ ассистентом, старшим преподавателем, доцентом, заведующим кафедрой. Его по праву следует отнести к одним из организаторов и основоположников кафедры общей химии.

Х.Д. Мулдағалиев имеет большие заслуги в области научно-методической работы, преподавания цикла химических дисциплин как на русском, так и на казахском языках. При непосредственном его участии еще в 40-е годы на казахский язык были переведены вузовские учебники по химии. В 1970 г. им издано первое в Казахстане учебное пособие по химии на казахском языке для поступающих в ВУЗы, которое в те и последующие годы оставалось единственным пособием для абитуриентов. Поэтому по многочисленным просьбам и рекомендациям Министерства просвещения КазССР пособие было переиздано в 1981 году.

Х.Д. Мулдағалиев внес значительный вклад в развитие в Казахстане экстракционно-сорбционного изучения неорганических веществ.

Вел значительную агитационно-массовую работу среди населения. Являлся членом редакционного совета Казахской Советской энциклопедии, написал несколько десятков терминов, рецензий. Среди его учеников немало крупных ученых, организаторов науки, руководителей производств, великодушных преподавателей.

Продолжателем дела Х.Д.Мулдағалиева стала его дочь – ведущий доцент факультета химии и химической технологии, профессионал своего дела, исследователь, высококвалифицированный педагог, методист Ирен Хайрулловна Мулдағалиева. Многогранные научные и методические исследования, проводимые Ирен Хайрулловной, характеризуют ее как пылкого ученого и педагога, идущего в ногу со временем.

В преддверии 80-летнего юбилея кафедры общей и неорганической химии учреждена ежегодная стипендия для одаренных студентов имени Х.Д. Мулдағалиева.

Первым обладателем стипендии стал студент 3 курса факультета химии и химической технологии Азиз Кажденбек. Азиз – один из наиболее талантливых наших студентов, принимает активное участие в общественной жизни факультета и университета. Является студенческим деканом факультета химии и химической технологии. Он достойно представлял КазНУ на международном форуме в МГУ.

Обладание стипендией имени Х.Д. Мулдағалиева накладывает значительную ответственность на стипендиата, и есть все основания полагать, что Азиз оправдает оказанное ему доверие.

Б.М. УРАЛБЕКОВ,
заведующий кафедрой общей
и неорганической химии;
О.И. ПОНОМАРЕНКО,
доцент кафедры

SOPA AWARD WINNERS FORUM ЖӘНЕ АЗИЯЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА: БҮГІНІ, ДАМУЫ, БОЛАШАҒЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ журналистика факультеті магистранттары мен студенттері Гонконг қаласында азиялық журналистер форумы аясында өткен 10 күндік ғылыми тәлімгерлік бағдарламасы бойынша журналистік ең үздік зерттеулер авторларынан шеберлік сыныптары мен семинар дәрістерін алып, тәлімгерліктен өтті. Биылғы Азия журналистер қауымының жеңімпаздары форумы журналистік зерттеу тақырыбына арналды. 1982 жылы негізі қаланған ұйымның бас кеңсесі Гонконгта орналасқан. Ол журналистика саласындағы жергілікті, аймақтық БАҚ-тағы ең озық тәжірибелерді қолдауға арналған. Азиядағы журналистиканың дамуы бағыттарын жобалайтын ұйымның дәстүрге айналған SOPA сыйлығы бар.

Бұл форум журналистика саласында білім алып жүрген студенттер үшін өзекті пікірсайыс және диалог алаңына айналды. Форумға журналистік үздік зерттеулері үшін SOPA сыйлығының иегерлері атанған Майкл Форстайн, Томас Фуллер, Эрнест Чи, Мая Титхара, Джамиль Андерлини қатысып, Азиядағы БАҚ-тың дамуындағы журналистік зерттеулердің қоғам өміріне, азаматтардың өміріне ықпалын, қиындығы мен жауапкершілігі жайлы өзіндік ойларын, бастан кешкен оқиғаларын ортаға салды.

«Bloomberg News» тілшісі М.Форстайн камбоджалық журналистік зерттеулер сапарында қиындықтар мен қатерлердің болуы заңды дейді. Майкл өз жұмысында әлеуметтік желілерді жиі пайдаланып, фотосуреттерді көптеп жүктейді. Әлеуметтік медианың ықпалы мен пәтуенділігі жоғары екендігі даусыз. Бұған Оңтүстік Африка Республикасына журналистік сапарлармен жиі барған Майкл жануарларды заңсыз аулаудан қорғау мақсатында желіде жариялаған зерттеулері, фотосуреттері дәлел.

«Financial Times» газеті Пекин бюросының басшысы, редакторы Дж.Андерлини зерттеу жүргізу барысында жан-жақтан қысым болатыны заңды да дейді. Ақпарат алуға тыйым салу, баспасөз конференциясы барысындағы конверттегі тапсырыстар, шетелдік журналистердің визасын мерзім сайын ұзартудағы қиындықтар... Міне, бұның бәрі

Джамильдің журналистік тәжірибесіне тән оқиғалар. Джамильдің айтуынша, журналист зерттеуді аса көптеген ақпаратпен, деректермен бастайды, жинайды, өңдіреді, тексереді... Міне, бұл тоқтамайтын процесс.

Биылғы азиялық журналистер форумында, сондай-ақ зерттеулері үшін сот алдында жауапқа тартылуы, журналистің өзін де, жазған материалын да ақпараттық қауіпсіздігін қамтасыз ету жолдары, деректерді сақтау көздері, жарнама мен аудитория арасындағы байланыс, ақпараттың шынайылығы, туралығы, дереккөздер, статистикалық мәліметтерді ірктеу жолдары, желідегі әңгімелерден тақырып іздеу сияқты өзекті мәселелер қаралды. Міне, әр тараптағы, түрлі тақырыптағы ойлар мен көзқарастар түйіскен форумның мақсаты да ортақ пікірсайыс алаңын қалыптастыру болатын. Журналистік зерттеулер жүргізетін тілшілер мен редакторлардың тәжірибесін талқылау, ортаға салу, ой бөлісу болатын. Азиялық журналистер қауымы жеңімпаздары журналистік зерттеулер жүргізудің болашағы алда деген тоқтамға келді. Журналист қаламынан туындаған зерттеулер қоғамда айтарлықтай резонанс тудыратынын тарих дәлелдеген. Журналистер қиындыққа, қатерге, қауіпке қарамастан зерттеулерін адамзат өркендеуіне, рухани құндылықтардың тозбауына арнайды деген сенімде.

Гүлмира СҰЛТАНБАЕВА

22 ноября в КазНУ состоится открытие аудитории имени профессора Бэлы Ахметовой и презентация книги из серии «Внегелі өмір», посвященные ее 75-летию

Сенімгүл ДОСОВА,
түркітану және үндітану кафедрасының меңгерушісі, PhD:

“Студенттің жеке қабілеті мен қызығушылығы жоғары болса, тілді кәсіби деңгейде меңгеріп кете алады...”

- Шығыс халықтарының мәдениеті, әдебиеті, діні, ділі өз алдына бөлек дастан дерсіз. Барлық құндылықтар мен рухани орта да сол халықтан бастау алады. Шығыс халықтарының кешегісі мен бүгінгі туралы тоқталсаңыз?

- Р. Киплинг айтқандай, Шығыс пен Батысты екі-ақ сөзбен сипаттауға болатын шығар: «Запад - иметь, Восток - быть» қазақшалағанда, «Батыс - алу, Шығыс - беру». Қарап отырсаңыз, Батыстың жеткен жетістіктері айналып келгенде, Шығыс елдерін отарлау саясатының нәтижесі емес пе? Тіпті, қазіргі кездегі экономикалық тоқыраудың салдары Батысты тағы да Шығысқа қарай мойын бұрғызып отыр. Сондықтан Шығыс Шығыс болғалы бері әлемге табиғи байлығы, рухани байлығы болсын, бойындағының бәрін беріп келеді.

салыстырып, пікір білдірсеңіз?

- Түркі және үнді әлемінің бір-бірінен алшақ кететін де, бір арнада тоғысып жататын да жері бар. Оған тарих куә, мұра болып қалған мәдени және рухани байланыстар дәлел. XIII ғасырдан бастап ағылшын үстемдігіне дейін үнді жерінде іргесін Бабыр қалаған Ұлы моғолдар империясы билік құрды. Әйгілі Тарихи Рашидидің авторы Мұхамед Хайдар Дулати мырза Кашмирде бірнеше жыл әмірлік еткен. Тілдік байланыстар туралы айтатын болсақ, ол өз алдына бір әңгіме. Мәселен урду тілінің лексикалық қорының едәуір бөлігін араб-парсы сөздерімен қатар, түрік тілінен енген сөздер құрайтынын екінің бірі біле бермейді.

- Студенттердің тіл меңгеру мүмкіншіліктері қандай? Олар қанша уақытта өзге елдің тілін меңгеріп кете алады? Ұстаздық тәжірибеңіздегі сол



елдердегі елшіліктерінде, Үндістан мен Түркияның Қазақстандағы елшіліктерінде, ұлттық және шетелдік компанияларда қызмет атқарып жүр. Сол шәкірттеріміздің жетістіктерін кафедраның жетістіктері деп неге айтпасақ!?

- Бір емес, екі бірдей халықтық мәдениетті тоғыстырып, бір арнада білім беріп жатқан кафедраның тұтқасын ұстап отырсыз. Бұл жұмыс сізге қиындық тудырмай ма?

- Қиындықтарсыз әрине, жұмыс болмайды. Мен үшін, ең бірінші, қиындық та, кедергі де әріптестерімді

ақ алдағы келе жатқан университетіміздің 80 жылдық мерейтойына оқу Түркиядағы Стамбұл университетімен бірлесе отырып көктемде халықаралық конференция өткізуді жоспарлап қойдық.

Сонымен бірге студенттермен тәрбие жұмысы да назардан тыс қалмауын ескердік. Себебі жастарда жаңа патриотизм рухын тәрбиелеу біздің көпконфессиялы және көпұлтты қоғамымыздың жетістіктерінің кепілі. Қазақ тілінің мәртебесін арттыра отырып, студенттердің ағылшын және орыс тілдерін де жетік меңгеруіне көңіл

- Сіз басқарып отырған



түркітану және үндітану кафедрасының тарихына қысқаша тоқталып өтсеңіз?

- Шығыстану факультетіндегі түркітану және шығыс елдері кафедрасының іргетасы 1991-92 жылдары, ең алдымен, профессор З.Л.Рүстемовтің басшылығымен құрылған иран-түрік филологиясы кафедрасының негізінде қаланды. Дербес түркітану кафедрасы 1996 жылы ашылып, оның меңгерушісі түрік тілінің көрнекті маманы, доцент Ф.Ф. Әли болды. Сол 1992 жылы мұнда үндітану бөлімі де жұмыс істей бастады. Үндітану бөлімінің жұмысын бірінші болып бастау менің бақытыма бұйырғандығын бүгінде мақтанышпен айта аламын. Осы жылы урду тобына алғашқы шәкірттер қабылданып, В.С.Абдуллоев, А.Анваров, З.Е.Искакова секілді үндітанушы мамандар сабақ бере бастады. Ал 1998 жылы үндітану бөлімі алғашқы хинди тобын ашып, өз жұмысын одан әрі кеңейтті. Қазіргі таңда үндітану бөлімінде PhD, ғылым кандидаттары мен магистр дәрежелі мамандар қызмет етуде, барлығы өзіміз түлеткен түлектер.

- Түркі және Үнді әлеміне көзжүгіртіп, маман ретінде

меңгерушілік қабілетіне тоқталсаңыз.

- Жалпы бакалавр сатысындағы оқу бағдарламасы бойынша төрт жылда студенттер тілді бастапқы деңгейден кәсіби деңгейге дейін меңгеруі қажет. Алайда студенттің жеке қабілеті мен қызығушылығы өте жоғары болса бұл мерзімді әжептеуір қысқартуға болады. Ол үшін тілге күнделікті кем дегенде үш-төрт сағаттай уақыт бөліп отыру қажет. Әрбір шәкірт жеке тұлға ғой, сондықтан әрқайсысының жеке тілін тауып, тілге деген қызығушылығын оятып, ынталандырып отыру әр оқытушының ұстаздық міндеті деп есептеймін.

- Кафедраның жеткен жетістіктері қандай, қандай шәкірттеріңізбен мақтана аласыз?

- Менің меңгерушілік қызметке келгеніме бар-жоғы екі ай ғана болды, сондықтан әзірге кафедраның жаңа жетістіктері туралы айту ертерек шығар. Ал, жалпы айтқанда, кез келген жұмыстың жетістігі оның нәтижесінен көрінеді. Біздің түлектеріміз Қазақстанның Сыртқы істер және Қорғаныс министрліктерінен бастап, университеттерде, ғылыми институттарда, ұлттық телевидениеде, Қазақстанның шет

ынталандыру мәселесі. Оқытушылық қызмет үлкен шығармашылықты талап етеді. Шығармашылық үшін шабыт керек, сондықтан әріптестерімді үнемі ынталандырып отыру үшін не істеу керек деген сұрақ мені толғандырып жүретіні рас.

- Кафедраның болашақтағы жұмыс-жоспары қандай?

- Кафедра жұмысының келешектегі жоспарын: оқытушының сабақ беру әдістерін жаңаша бағытта дамыту; инновациялық зерттеулерді дамытудың жаңа жолдарын іздеу; халықаралық ғылыми-жобаларға белсенді түрде қатысу; ғылым мен бизнесті үйлестіру жолдарын табу; білім берудің он-лайн жүйесін дамыту; оқыту процесіндегі қажетті жаңа технологияларды қолданысқа енгізіп, оқытушыларға оларды қалай пайдалануды үйрету; әлемдік технологиялық құбылыстардың дамуына ат салысу секілді стратегиялық бағыт-бағдарды жүзеге асыруды көздеп отырмыз. Халықаралық жобаларға қатысты нақты қадамдарға келсек, «International Turkic Studies Review» атты электронды журналдың жұмысын бастауды қолға алып жатырмыз. Сондай-

бөлуіміз керек. Жастарға ұлттық сана мен діннің қоғамдағы рөлін дұрыс түсінуге бағыт-бағдар беріп, жастардың рухани тәрбиесіне мән берудің маңызы зор.

- Мамандыққа баулу, мамандыққа шақыру жауапкершілігін қалай атқарасыз?

- Әл-Фараби Қазақ ұлттық университеті - еліміздің бетке ұстар оқу орны. Кез келген университеттің жарнамасы оның абыройы мен беделі. Ал оны өз деңгейінде сақтап тұру үшін ең бірінші сапа қажет. Десек те мамандыққа шақыру жұмыстарын да дұрыс жолға қойып, қажетті іс-шараларды ұйымдастырып отырған артық болмас. Сондықтан мұндай жұмыстар факультетте болсын, кафедрада болсын, жылда өз деңгейінде жүзеге асады деп айта аламын. Мектеп оқушыларына жиі «ашық есік» шараларын ұйымдастырып, болашақ талапкерлерге түркітану және үндітану кафедрасында даярланатын мамандықтарының қыр-сырын насихаттап отырамыз.

- Әңгімеңізге рақмет.

Сұхбаттасқан
Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

ЖАҢАЛЫҚ ЖАРШЫСЫ – “ӘЛ-ФАРАБИ” РАДИОСЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті радиостудиясының хабарларын тыңдайтын аудитория көлемі күннен-күнге ұлғая түсуде. Алғашқыда оқу-тәжірибелік лаборатория болып қана жұмыс істеген радио бүгінде дербес студия дәрежесіне көтеріліп отыр. Радиодағы шығармашылық топ алдын-ала жазылып қойылатын хабарлармен бірге тікелей эфирге шығуды да меңгерді.

Радиостудияның «Жас радиозерттеуші» деп аталатын үйірмесі негізінде шығармашылық топ құрылған болатын. Үйірменің белсенді мүшелері болып жүрген 3 курс студенттері Қарашаш Есенбай, Ақсауле Әбітай, 1 курс студенттері Берікбол Төлеген, Айтбек Тұрсынбаев, Мархабат Илияс, Салтанат Шырынхан, Еламан Төлепберген, Айгүл Хожантаева, т.б. шәкірттер университеттегі іс-шараларды, оқу орны көлеміндегі жаңалықтарды жария ете отырып, елдегі студент жастар өміріне қатысты мәселелермен де таныстырады. Сабақ арасындағы үлкен үзілісте жүргізілетін тікелей эфирдің табиғатын меңгерген студенттер тәжірибелі радиожурналистер сияқты аудиториямен еркін сөйлесуге, тыңдарман назарын игеруге машықтанған. Студияның саунд-дизайнері Бақыт Әмірбек - шығармашылық топқа техникалық жағынан көмек көрсетіп отыратын бірден-бір жауапты адам. Әр хабардың музыкалық көркемделуі, әнмен әрленуі, техникалық безендірілуі өте маңызды шара. «Әл-Фараби» радиосы университеттің торқалы 80 жылдық тойына тарту ретінде он төрт факультет жайында хабар әзірлеу үстінде. Қазірдің өзінде биология және биотехнология факультеті, заң факультеті, механика-математикалық сияқты бірнеше факультеттер эфирден орын алды. Әр факультеттің алды университетпен құрдас, яғни олардың 80 жылғы істіктерін жария ету студияның маңызды шарасы болмақ. Ректорат шешімдері, факультеттерде болып жатқан іс-шаралар, оқыту процесіндегі инновациялық өзгерістер радиостудия назарынан тыс қалмайды. Көптеген белсенді тұлға сөз алып, өз жетістіктері туралы әңгімеледі. Мысалы, «Әл-Фараби» радиосының тікелей эфиріне журналистика факультетінің деканы, ф.ғ.д., профессор Өмірхан Әбдиманұлы, экономика және бизнес жоғары мектебінің деканы, профессор Баян Ермекбаева, биология және биотехнология факультеті деканының оқу ісі жөніндегі орынбасары, б.ғ.к. Әділ Ережепұлы, география және табиғатты пайдалану факультеті деканының оқу және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Айдар Жұмаліпов, т.б. факультеттің жай-күйі туралы және алда тұрған келелі міндеттер туралы әңгімеледі. Әңгіме тәжірибе алмасу мақсатында өткізілді. Тарих ғылымдарының докторы, профессор Қуаныш Қаражан шақырылып, қазақ тілінің қоғамдағы қазіргі жағдайы жөнінде әңгімелеп, студенттер сұрақтарына жауап берді.

Сонымен қатар жастар ұйымы жөніндегі маман Ләйла Ахметова студенттердің өзін-өзі басқаруы жөнінде және ұйымның алдында тұрған келелі міндеттер жөнінде мәлімдесе, университеттегі Жоғарғы Студенттер кеңесінің төрайымы Сәуле Аязбаева университет жатақханаларының жай-күйі туралы және кеңестің алдында тұрған келелі міндеттер жөнінде, ал студенттер сенатының төрағасы Нұрлан Әбдіқадыров сенаттың жай-күйі туралы және студенттердің өзін-өзі басқаруы жөнінде әңгімеледі.

Радионың тікелей эфиріне шетелдік қонақтар да шақырылып тұрады. Мысалы, Техас университетінің Phd, қатерлі ісік мәселелерін зерттеуші Дос Сарбасов сұхбатқа шақырылып, жастардың денсаулығы жөнінде әңгімеледі. Гонконг журналистика департаментінің лекторы С.К.Сох мырза сұхбатқа шақырылып, оқу процесі жөнінде тәжірибе алмасты. Әңгіме деректі сюжеттер түсірудің шеберлігі жайында болды, журналистік шеберлікті қалыптастыруға мол мағлұматтар берілді. Ал АҚШ-тан келген профессор Хелен М.Фаллер сұхбатқа шақырылып, қазақстандық мәдениет, салт-дәстүр жөнінде тәжірибе алмасты.

Алда әлі де талай жоспарлар бар. Жатақхана тұрғындарына хабар тарату да көзделуде. Тек қана жаңалықтар емес, тәрбиелік мәні бар хабарлар беріліп, әдеби шығармалар да ұсынылмақшы.

Шетелдік студенттік радиолар тәжірибесінен үйреніп қайту үшін іс сапарға жас радиожурналистерді алып бару, тіпті, университет қана емес, қалалық әл-Фараби радиосының деңгейіне көтерілу сияқты армандарымыз да бар. Әрине, оған демеушілер көмегі қажет. Ең бастысы, шағын студия студенттердің тәжірибе мектебі болып отыр.

Клара ҚАБЫЛҒАЗИНА,

ф.ғ.д., баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының
ассоциир профессоры,
“әл-Фараби” радиосының жетекшісі

КӨК ТУДЫҢ ЖЕЛБІРЕГЕНІ...

Адамзаттың асыл мұраттары қайта гүлдеп, мәдениет дәрежесі мен білімділік деңгейі қоғамның өркендеуінің басты өлшеміне айналып отырған жаңа ғасырда жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеудің маңызды артып келеді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Біз Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуға тиіспіз» деген сөзі бүгінгі жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берудің қаншалықты маңызды екендігін көрсетеді. Осыған орай, жақында философия және саясаттану факультеті саясаттану кафедрасының ұйымдастыруымен жастарды өз елін, жерін сүйге баулу, оларға патриоттық тәрбие беру мақсатында «Патриоттық әндер» фестивалі ұйымдастырылды.

Студенттер өз оқытушыларымен бірге қатысқан бұл іс-шарада Отанға деген ыстық махаббатын, шексіз сүйіспеншілігін өлеңдер оқып, рухтандыра әндер шырқап жеткізді. Әуелеген әсем үні мен тамылжыған дауысына тамсандыра білген таланттардың біздің факультетте де аз емес екенін фестиваль барысында байқадық.

Фестивальда ән құдіретін, күй құдіретін ежелден-ақ түсініп келген халықтың ұрпақтары патриотизм тақырыбында тарихи құндылықтарға толы қойылымдар, ел мақтаныштарына айналған спортшыларымыздың

жұлдызды сәттерінен көріністер, танымал тұлғаларға толы ежелгі тарихымыздан қазіргі Қазақстанның тәуелсіз тандарына дейін шолу жасады. Фестиваль нәтижесінде қатысушылар әртүрлі номинациялар бойынша марапатталды.

Әсем әуен, күмбірлеген күй талай көңілдің сырын шертіп, талай жүрекке жол тартқаны анық. Көк туды желбіретер студенттеріміз ұлтжанды, отансүйгіш, бір сөзбен айтқанда, ел болашағы үшін еңбек етер патриот азамат болып өседі деп кәміл сенеміз.

Д.Е. АҚБОЛАТ,

саясаттану кафедрасының доценті м.а.

СВЕТЛАЯ ПАМЯТЬ УЧИТЕЛЮ

С большой любовью и нежностью землю обня теплая и красивая осень, с ее драгоценным золотом из листьев и травы. Это время года знаменует зарождение новых знаний, а для преподавателя именно с первого сентября начинается новая точка отсчета: первые уроки, новые ученики, их достижения и успехи.

Большим счастьем для нас является то, что мы имели возможность учиться у таких педагогов как Аубакиров Я.А., Пуриц В.Н., Канатбаев Е.К., Арсланова Х.Ю, Бурякова Н.Ф., Жатқанбаев Е.Б., Имамбаева У.А., Сабитова Х.К., Сарбасова Т.С., Царева Н.А. и др. Это люди высоких устремлений, профессионализма, нравственности. Без этих категорий и понятий невозможно говорить о педагогике, экономике, да и вообще о жизни.

Многие из наших учителей, внесших огромный вклад в дело отечественного образования и науки покинули нас, вечная память и благодарность им за свет и любовь, которые они дарили нам. Они, как и подобает ярким звездам на небе, всегда освещают нам дорогу и ориентируют нас на добрые и светлые дела. Около полувека на этом поприще честно трудилась и дарила бесценные зерна знаний наша уважаемая, всеми любимая Царева Надежда Андреевна.

Ее студентам очень повезло, потому что к ним в аудиторию входила всегда красивая, умная, близкая им по духу, с поистине царской осанкой и благородством женщина. Как ее любили студенты, невозможно передать словами, восхищались ее внешностью, интеллигентностью и добротой. В каждое мгновение своей жизни она оставалась естественной и гармоничной, с полной самоотдачей в работе. И планка ее была высока, ежедневно она несла в аудиторию знания с любовью и добротой, не оскверняя храм знаний негативными мыслями, словами и непрофессионализмом. Для многих

работников сферы науки и образования это является примером и образцом поведения истинного педагога. Она умела понять других, поддержать каждого, кому были нужны помощь, сочувствие, добрый и мудрый совет. Надежда Андреевна долгие годы несла эту важную и благородную миссию. Среди ее учеников много достойных, успешных людей, которые состоялись как профессионалы, работающие в различных сферах национальной экономики, а также других странах мира. Конечно, большую лепту в формировании их как личностей, специалистов внесла Надежда Андреевна. Они благодарны своему Педагогу за полученные знания и мудрость.

Она знала, что самым важным явлением в аудитории, самым поучительным, живым примером для ученика является сам учитель. Поэтому, как педагог она всегда работала над собой, совершенствовалась. Работа всегда была чем-то большим, чем принято сейчас считать, была частью ее осознанного профессионально выбора, частью ее души и смыслом жизни. Она приходила задолго до начала занятий, настраивалась на урок, встречалась со студентами всегда собранной и подготовленной, работа для нее была поистине праздником. К сожалению, вскоре не стало той привычной среды и работы, которая ее поддерживала и вдохновляла, радовала и придавала сил, энергии. Теперь мы не услышим ее теплые слова приветствия, не увидим ее улыбку, студенты не придут на ее лекции. Очень больно в душе осознавать, что ее уже нет рядом, но мы верим, что Надежда Андреевна будет долго жить в наших сердцах, потому что мы будем помнить о ней, как о светлом человеке и учителе с большой буквы. Пусть теплая земля с любовью Вас обнимет, Надежда Андреевна, а мы к Вам придем с цветами...

**Ж.Я. АУБАКИРОВА,
Р.Т. ДУЛАМБАЕВА** Ауламбаева,
преподаватели и профессора
кафедры экономики

ЖЕНЩИНА, ПОКОРИВШАЯ ВЫСОТЫ

Лауреату Государственной премии СССР, кандидату физико-математических наук, профессору Ахметовой Бэле Габдулгалиевне 12 ноября 2013 года исполнилось бы 75 лет.

Родилась Бэла Габдулгалиевна 12 ноября 1938 г. в Алма-Ате. В 1961 г., после окончания физического факультета КазГУ им. С.М.Кирова поступила в аспирантуру МГУ им. Ломоносова, где в 1970 г. защитила кандидатскую диссертацию на тему «Исследование некоторых вопросов протонографии». По окончании аспирантуры вернулась на кафедру радиоактивных излучений физического факультета КазГУ, где работала ассистентом, старшим преподавателем, доцентом и профессором.

В 1972 г. Б.Г. Ахметова в составе научной группы во главе с профессором А.Ф.Тулиновым была удостоена звания лауреата Государственной премии СССР за участие в работе «Открытие и исследование эффекта теней в ядерных реакциях на монокристаллах».

Научные интересы профессора Бэлы Габдулгалиевны были связаны с вопросами взаимодействия заряженных частиц с различными структурами. По результатам научной и методической работы Б.Г. Ахметовой опубликовано более 60 научных трудов, в числе которых четыре пособия в соавторстве и монография.

В ходе своей педагогической деятельности на физическом факультете профессор Б.Г. Ахметова уделяла большое внимание учебно-методической работе, являлась председателем и членом методбюро, членом совета факультета. До самого конца жизни, несмотря на состояние здоровья, она стремилась передать свои знания студентам: читала лекции по спецкурсам и вела лабораторные занятия на кафедре ядерной физики на физическом факультете КазНУ им. аль-Фараби. Все ее ученики с благодарностью вспоминают ее мягкое материнское отношение и заботу о студентах, гармонично сочетающиеся с требовательностью и ответственностью к обязанностям преподавателя.

Она активно занималась общественной работой. Награждалась знаком «Победитель социалистического соревнования», медалью Всесоюзного общества «Знание», Почетными грамотами МГУ и ССО КазССР, КазСовПроф, Грамотой Верховного Совета Казахской ССР.

В течение двух созывов была депутатом районного Совета народных депутатов (акиматов), членом профкома университета, председателем Ревизионной комиссии профкома КазНУ им. аль-Фараби.

В нашей памяти навсегда останется образ Бэлы Габдулгалиевны как образца скромного, умного, честного, доброжелательного и трудолюбивого человека, педагога и ученого с большой буквы.

Ф.Б. БЕЛИСАРОВА,
заместитель заведующего кафедрой теоретической
и ядерной физики по учебной,
учебно-методической и воспитательной работе

19-22 ноября в КазНУ профессор Осакинского университета Atsushi Hosaka (Япония) читает лекции на тему: «Введение в современную физику»

Жалғасы. Басы 1-бетте

«ТАНЫ МЕНІ, АШЫП КӨР ҚҰПИЯМДЫ...»



Ақын Бауыржан Жақыптың шығармашылығына арналған поэзия кешіне Қазақстан Жазушылар Одағы төрағасының бірінші орынбасары, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты Ғалым Жайлыбай, Шешен Республикасының ең жоғары Мемлекеттік «Ұлт намысы» орденінің иегері, Шешенстан Мемлекеттік және Илияс Жансүгіров атындағы сыйлықтардың лауреаты Рафаэль Ниязбек, Қазақстан Республикасы мемлекеттік сыйлығының лауреаты Темірхан Медетбек, Жазушылар Одағы басқарма төрағасының орынбасары, «ҚаламгерМедиа» орталығының бас директоры, ақын Жанарбек Әшімжан қатысты. Профессор Өмірхан Әбдиманұлы кеш шымылдығын аша отырып, Б.Жақыптың өмір жолын, еңбек жолын, ғылым жолын көрермендерге қысқаша баяндап берумен ғана шектелмей қаламгердің жұбайы Махаббат Айбергенова мен ұлы Роллан Бауыржанұлын көрермендерге таныстыруды да ұмытпады. Химия және химиялық технология факультетінің үлкен мәжіліс залына жиналған көрермендерден ине шаншар жер қалмай, жиналған студенттер Бауыржан Өміржанұлын қошеметпен сахна төріне шығарды. Кеште ақынның «Әжемнің ұршығы», «Қолтаңба», «Семей», «Жарықтық Абай салған жолға түстім», «Жан дауысы», «Тартылыс», «Нүкте», «Біздің ауыл», «Білте шамның жарығы» сияқты бірнеше өлеңдерін студенттер жатқа оқыды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Әлеуметтік даму жөніндегі проректоры Шолпан Жаманбалаева ректор Ғалым Мұтанов атынан ақынды биылғы мерейтойымен құттықтап, шапан кигізіп, гүл шоғын ұсынды. Жылуфизика және техникалық физика кафедрасының оқытушылары мен студенттері атынан кафедра меңгерушісі, профессор Салтанат Бөлегенова және оқу-тәрбие ісі бойынша кафедра меңгерушісінің орынбасары, доцент Жанар Шортанбаева қаламгерге гүл ұсынып, университеттің ақын жанды студенттерін

жыр жолдарымен сусындатқаны үшін алғыс білдірді. Журналистика факультетінің ұстаздары да өтіп жатқан тойға арнайы келіп публицист, журналист, ғалым, ақын Бауыржан Жақыптың адамгершілік, ғибратты қасиеттерін, тұлғалық ерекшеліктерін тілге тиек етіп, құттықтауларын жеткізді. Ақынның шәкірттері де иығына шапан жауып, сыйлық берді, ғылым жолына бауылған ұстаздық болмысына алғыстарын жеткізді.

Кеште Ғылыми кітапхана қызметкерлерінің бастамасымен ақынның шығармашылығына арналған кітап көрмесі ұйымдастырылды. Ақынның сөзіне жазылған әсем әндерімен «Серілер» тобы, Гүлмира Әшірбаева, Фархат Ерланұлы, стандартпау, метрология және сертификаттау мамандығының 1 курс студенті Индира сынды әншілердің әндері зор сүйіспеншілік анық байқалды. Кеште Бауыржан Жақып «Қолтаңба», «Ұста шал» сияқты өлеңдерінен оқып, бұқара қошеметіне бөленді.

Оқушыларға өлең жаттатуды әдетке айналдырған №147 гимназияның мұғалімі Құралай Шынжирлина дайындап келген 2^б сыныбының дарынды оқушылары Жанайым Өмекбай, Елжан Нұрғайып, Нұрай Нұржауова ақынның балаларға арналған «Туған жерге саяхат», «Мен мектепке барамын», «Қар» сынды өлеңдерін жатқа айтты.

Өз кезегінде Б.Жақып университет басшылығына, ұйымдастырушыларға алғысын айтты. Кеш жүргізушісі, Б.Қонақбаевтың: «Қазақта «Ел ағасыз болмас, тон жағасыз болмас» - деген мақал бар, шүкір, ел ағалары баршылық. Ендеше, сіздердей өлең туын желбіреткен ел ағаларының қатары көбейе берсін деп тілейміз! Өлеңдеріңіз арқылы мәңгі ел жүрегінде, өлең өлкесінде, поэзия көгінде, жыр дариясында қалықтаңыз», - деген ізгі ниеті кеш шымылдығын жапты. Көрермендер Бауыржан Жақыптың

ақындық, публицистік, журналистік, ғалымдық, ұстаздық, басшылық, адамгершілік қасиеттеріне бір тамсанып қайтты. Оның өлеңдерінен туған жерге, елге, Отанға жеген сүйіспеншілікті, махаббатқа деген адалдықты, дос-жаранға деген құрметті, балаларға деген сүйіспеншілікті тағы бір аңғарып бақты. Әдемі кештің қалай өте шыққанын сезбеген бұқара қайтуға асықпады, ақындарын қаумалап қолтаңба алды. Әр жиналған жастың жанарында ақын Бауыржанға деген ыстық ықылас, үлкен құрмет сезіліп тұрды. Ақынның өлеңдеріне деген ыстық қолдау да, қошеметтеу де кеш бойы анық байқалды.

Айжан ҚҰЙҚАБАЕВА,
жылуфизика және техникалық физика кафедрасы, PhD

ТҮН. КАЗГУ ҚАЛАШЫҒЫ

Мынау КазГУ қалашығым,
Талай құстар қанаттанған.
Тауып тәтті жарасымын,
Жастық мұнда ән ақтарған.

Кешкі ауада күлкі ұшады,
Ұшады кеп шарықтап бір.
Жүректерді жыр құшады,
Бозторғай - ән қалықтап тұр.

Көкірегіме жыр тағайын,
Түртеді әуен тағы да ойды.
Желсіз түнде шырқады Айым
"Желсіз түнде жарық айды."

Қайың ару тұрды арқамнан
Ұмытылған шұмақты айтып.
Жерде сырып бір балқоннан,
Түн қойнына сіңді "Ақ бантик".

Жанарларға ақық тунар,
Арман күшақ жайып тағы.
Бара жатыр барқыттылар,
Әуелетіп "Қайықтыны".

Өрте жастық өрті мені,
Алма ағашы бақта билер.
Алма-кезек шертіледі,
Шертпе күйлер, төкпе күйлер.

Көріп келем кешкі абатты,
Дауысымды тыңда менің,
Жатақханам бес қабатты,
Бес жыл сенде тұрған едім.

Мекені едің еліктердің,
Жырға айналды сол естелік.
Көріп сені көріктендім,
Елік қыздар елес беріп.

Көз алдымнан өтті айналып,
Сол кездерде әлем көші.
Әрік-жүздер өрттей жанып,
Өтті талай өлең кеші.

Бозбала едім ойға ғашық,
Құшағыңды жаясың ба?
Тұрған сәттер аймаласың,
Ақ қайыңның аясында.

Езуіме күлкі үйірді,
Еске түсіп соның бәрі.
Жастық атты бір фильмнің
Жүріп өтті кадрлары.

...Араладым қалашықты,
Жастық шағым өтпе, тепі.
Елес тұнған қарашықты,
Сүйіп алғың кеп кетеді.

Бауыржан ЖАҚЫП



Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ,
ақын, Қазақстан Жазушылар Одағы төрағасының бірінші орынбасары, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты:

- Бауыржанның мәңгі жас, жасампаз әндері сүйсіндірмей қоймайды. Ол өлеңдерінде «әже пультін» биікке көтерді.



Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ,
ф.ғ.д., профессор:

- Бауыржан ұстаздықтың ұлы жолынан өтті. Бауыржан Жақып - үш кемеңгір ағыспен алып келе жатқан ұлы тұлға. Ол - ақын, ғалым, ұстаз. Ол - оқырман жүрегінде мәңгілік қолтаңбадай сақталып қалатын құдіретті өлең иесі.



Рафаэль НИЯЗБЕКОВ,
Шешен Республикасының ең жоғары Мемлекеттік «Ұлт намысы» орденінің иегері, Шешенстан Мемлекеттік және Илияс Жансүгіров атындағы сыйлықтардың лауреаты:

- Бауыржан Өміржанұлы - әрі ақын, әрі ғалым. Ол - ұлт ақыны. Ол - халық трагедиясын жазған жаза білген, Семей қасіретін жеткізе білген ақын. Оның «Жан дауысы» поэмасын тебіренбей оқу мүмкін емес. Өзі сол ұлы елде өсті, өнді, қасыретті сезінді. Аз сөзбен көп мағына берді. Бауыржан Жақып қазақ халқының көрмегені, шекпегені жоқ екенін айтуымен, айта білуімен ерекше. Ол - мықты рух, көркем ойдың иесі. Бауыржан - асқан рухы мен сән-салтанаты келіскен ақын.



Темірхан МЕДЕТБЕК,
ақын, Қазақстан Республикасы мемлекеттік сыйлығының лауреаты:

- Бауыржан Жақып - өлеңдері арқылы рух сіңдіретін ақын. Ол - тағдырлы ақын. Тағдырлы ақын дегеніміз - кең мағынада айтар болсақ, ол елдің мұңымен мұңдасқан, қоғамдағы кереғар құбылыстармен арпалысқан ақын. Ол - болмыс-бітімімен, жан дүниесімен сырласатын, сөйлесетін ақын, сырласып, сөйлесе отырып, алпыс екі тамырымен халық мұңын сезінетін, жүрегіннің лүпілі елім деп соғатын ақын.

Суреттерді түсірген **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**



Дінтану мамандығының 2 курс студенттері «Болашақ біздің қолымызда» атты мерекелік кеш өткізді



Нұржан Нұрбек 1995 жылы Жамбыл облысы, Меркі ауданында өмірге келген. Бала кезінен ата-әжесінен тәрбиесін алып өскен ол, олардың айтқан ертегілерінен ойына нәр алып, қиялдап, арманшыл болып өседі. Соның әсері болса керек, оның поэзияға деген қызығушылығы арта түседі. Оның өмірдегі ұстанымы – "үмітсіз – шайтан". Басты арманы – елінің елеулі, халқының қалаулы ұлы болу. Ата мен әжесінің, анасының үмітін ақтау. Тек шындықты жырлау. Алланның сүйікті құлы болу, халқының сүйікті ұлы болу.

Қазір ҚазҰУ-де баспа ісі және дизайн кафедрасының 2 курс студенті. Білім жинап, еңбек ету қазіргі мақсаттарының бірі. Ол осы университетте оқығанын мақтан тұтады, өзін бақыттымын деп санайды. «Өлең – менің өмірімнің бір бөлшегі» деп ойлайтын оның жырларын біздің оқырмандарымыздың назарларына ұсынамыз.

ЖАЛҒЫЗДЫҚ ЖАМЫЛҒАН КҮЗ

Көшені кезеді көп тұман,
Мұндардың күпісін киініп.
Жапырақ құлайды сыбдырлап,
Самалмен үзілген күй іліп.
Қап-батып барады қарашы,
Қап-қызыл мұндарға құйынып.
Мен тұрмын жанымды ұға алмай,
Белгісіз күйікке күйініп.

Сұп-суық, тым суық бұл қала,
Алтыр жүр тәкаппар кекейіп.
Бәрінен тығылып батыста,
Жабырқап барады от бейіт.
Құстар да жып-жылы аймаққа
Үшуда тоқтандар, жетейік.
Тым суық, ақ тұман бұл аймақ,
Құстармен ілесіп кетейік.

Самалға еріп- ап жапырақ,
Елес мұң кезуде көшені.
Ызғарлы бұл күзде мен жалғыз,
Жапырақ - қыздардың өсегі.
Тұманға адастық бәріміз,
Көктемді ұмытып кешегі.
Мәңгілік көктемді іздеумен,
Бұл жалғыз, бұл күзден көшеді.
Қоп-қоңыр көшені кескілеп,
Бір сұлу жүгіред асығып.
Қоп-қоңыр даладай шашынан,
Бұл күздің иісі шашылып.
Мен сені бұл күзден қимадым,
Көктемгі шоқ гүлді жасырып.
Жапырақ жылады, құлады,
Ақ моншақ мөп-мөлдір жас үміт.
Шаштарын тарады тағы да,

Сәулесін түсіріп айым ақ.
Шомылып сәулеге ағарған,
Мұңайды тағы да қайың ақ.
Сен басқан жапырақ жүректі,
Әкетсе өзендер шайып-ап.
Қоңыр шаш бұл күзден мен кеттім,
Құстармен қанатты жайып-ап.

КҮЗ

Шомылып сезімге жер жаһан,
Уақыты ақшамның қызарған.
Мұндардың ішінен іздедім
Кездесіп қалар деп қыз-арман.
Өзге бір бақытқа кетіпсің,
Бақ гүлін солдырып біз алған.
Сендегі бақытқа жетер ем,
Алдымда мұңайған күз орман.

Күз келді жер бетін мұң басты,
Ағаштан төгіліп мұң сары.
Адамға қайғы боп кіреді
Өлген әр жапырақ жындары.
Әжімі көбейіп даланың,
Түңіліп жөтелед түн кәрі.
Тәтті мұң, қара мұң, сары мұң
Жайылған жаһанның мұңдары.

АМАЛ ЖОҚ СҮЙЕМІН

Тек менде боран бар, бұлтым бар,
Жап-жарық бұл әлем нұрланған.
Уа, барымташы қыз, қайтаршы,
Мендегі бақытты ұрланған.
Сен кеттің, көктемді әкеттің,
Біздегі жап-жасыл бұл маңнан.
Табанға тапталды бұл бақта

Сарғайған жапырақ мұңданған.

Бірақ та сүремін өмірді,
Еске сап біздегі сәттерді.
Сені де жіберем арманға,
Қолымнан ұшырып кептерді.
Тауға ма? Бұлтқа ма? Айға ма?
Самғарсың мекен ғып көктерді.
Сезімнің шегін мен іздеймін
Өрнектеп шегі жоқ дәптерді.

Несіне мұңаям толғанам,
Сен жүрсің жанымда, бағымда.
Тәкаппар сезімдер сыңарың,
Мейірім тұншығып ағынға.
Сен мені мәңгілік ұмыт тез
Соңғы рет жылап-ап сағын да.
Тек менің сезімім сөнбесін
Уа, сезім, уа, жүрек жалында.

Шырқалған көмейде ән едің,
Кеудемде күмбірлі күй едің.
Мен саған тым жақын боп кеттім
Сәулеңе ып-ыстық күйемін.
Өзің кеп жандырған, өшірген
Жүректе қарайған күйе мұң.
Туылдық амал жоқ, өлеміз,
Амал жоқ, мен сені сүйемін!

СЕН КЕТКЕЛ...

Бұл әлем қап-қара тас түнек,
Қара бақ, қара жер, қара құм.
Әлем от жүрегім мұп-мұздай,
Сұп-суық оттарға жанатын.
Сендегі әлемге барар ем,
Жаралы жанымда, қанатым.
Отырмын жалғыздық оранып,
Жетімдік жамылған қара түн.
Бұл әлем қара мұң...

Бұл әлем қараңғы күз ғана,
Жапырақ жүрегім сарғайды.
Күтеді жап жасыл әлемді,
Көктемге ұмтылған тал қайғы.
Даланың әжімі көбейіп
Ағаштар жөтеліп қартайды.
Бұлттардан күн нұры көрініп,
Тығылып тағы да алдайды.
Бәрі де сарғайды...

Сендегі көктемгі аймақтан,
Кей кезде ән айтып құс өтеді.
Сенемін жапырақ жайқалып,
Көктем кеп бұл маңнан күз өтеді.

Бұл бақты аралап сарғайған,
Мүлдем бір бейтаныс қыз өтеді.
Бұл маңнан көктемге кетсем де
Жүрегім бұл күзді күзетеді.
Мәңгілік күзетеді.

ТАУДАҒЫ СҰЛУ

Арманға ұмтылып алдағы,
Кеземін тау мен тас-қыратты.
Ақыл мен жүрегім қосылған,
Арманым шың биік тұрақты.
Тау менің сұп-суық жүрегім,
Жарылып өзен боп жыр ақты.
Сол тауда бір сұлу жүреді,
Түнекке жағып-ап шырақты.

Жалғыз тау, жалғыз қыз, жалғыз ай,
Жалғыз бұлт төгеді жаңбырды.
Адам мен табиғат өткізеді,
Бірлесіп бұл тұман тағдырды.
Жалғыздық түнектен шаршаған,
Сұлу қыз кетуге сан тұрды.
Ақыры кетті ғой алысқа,
Бірақ та шырақты қалдырды.

Келеді сол сұлу келеді,
Шырағы қалмас ед шеттесе.
Тау болып қаламын күтемін,
Сезімнің самалын тек есе.
Сендегі шырақты сөндірмей
Тағдырға тұрамын кектесе.
Күтемін қалдырған шырақтан,
Тау-орман өртеніп кетпесе.

БҮЛТ ЖАМЫЛҒАН АЙ

Кетіп қалдың біздің бақтан басқа баққа,
Көзіме шық, әжім түсті қас, қабаққа.
Сен кеткен соң, мен де кеттім сезімдерді,
Жүрегімнен жұлып алып тастамаққа.

Сезімімді мұңдарыма асыраттым,
Жұлдыздарын жоғалтпайды шашып-ап түн.

Сезім толы жүрегіммен айға кетіп,
Сәулелерін бар әлемге шашыраттым.

Жерге келдім жұмыр басын тастап айдың,
Аппақ, аппақ мұңдарымды ластамаймын.
Сен сыйлаған сезім толы бұл байлықты,
Қара көрге ала кетем тастамаймын.

Түн. Мұң. Жұлдыз отырмын ғой тынығып мен,

Қап-қараңғы бұл халімді ұғыныппең?
Жанарыңның сәулесін бір түсірдің де
Кете бардың бұлт ішіне тығылып сен.

АДАМДЫ САЙТАН ТҮРТПЕСІН!

«100 кітап» жалпыуниверситеттік жобасы аясында метеорология және гидрология кафедрасының 1 курс студенттері «Сағым қуғандар» спектаклін тамашалады.

1 курс студенттері сондай-ақ, Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрында "Сағым қуғандар" мистикалық премьерасын тамашалады. Осы қойылымның режиссері Балтабай Сейітмамұтов идеясын байыту үшін ібілісті қосып, қазіргі заманда сайтанның жетегіне еріп, өзінің ғана емес өзгенің де өмірін ойран етіп жүрген жастар туралы ой туындаған. Жас ұрпақты жарға апарып жығатын қорқаулық, ашқарақтық, тойымсыздық, дүниеқоңыздық сияқты жағымсыз қасиеттерден сақтандырып, санасына ғибратты ой салатын бұл қойлымнан 1 курс студенттері үлкен әсер алды. Қойылымдағы бас кейіпкерлер Дәурен мен Ермек сияқты ібілістің жетегінде жүрген жастар қазір өте көп, сол себепті саналы ұрпақ тәрбиелеуде мағыналы сахналық жаңа бұл туындыға жастар көп барса екен деймін.

А. Р. СҮЛЕЙМЕНОВА,
метеорология және гидрология
кафедрасының 1 курс эдвайзері

Қараша айының 12-жұлдызында "ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап" жобасына орай, физикалық химия, катализ және мұнайхимиясы кафедрасында Сәбит Мұқановтың «Мөлдір махаббат» драмалық романы негізінде «Махаббаттың жеті кереметі» атты шығармашылық кеш өтті.

«Махаббаттың жеті кереметі»

Кештің мақсаты ҚазҰУ жастарын кітап оқуға, рухани, мәдени байлықтарын арттыруға, ана тіліміздің асқақ рухын көтеру аясында университеттің ректоры Ғалым Мұтановтың "ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап" жобасын іске асыру. Шығармашылық кешті керемет күймен мың бұралған бишілер ашты. Кеште Сәбит Мұқановтың өмір-баянынан бейнероликтер көрсетіліп, өнерлі студенттер әннен шашу шашып, қазақтың күмбірлеген қара домбырасымен күй шертті. Сонымен қатар Сәбит Мұқановтың «Мөлдір махаббат» романы желісінде 2 курс магистранттары мен 4 курс студенттерінен құралған өнерлі топ драмалық қойылым көрсетті. Кеш соңында факультет деканы х.ғ.д., профессор Оңғарбаев Ердос Қалимуллаұлы сөз сөйлеп, жылы лебізі мен алғыс-тілегін білдірді.

Ұлдана ЖИЕНҚҰЛ,
жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің 3 курс студенті

Каждую среду English Discussion club факультета географии и природопользования приглашает желающих на занятия по улучшению навыков разговорной речи

БАСПАГЕР БОЛАМЫН ДЕСЕҢ...

Журналистика факультетінің баспа ісі және дизайн кафедрасы Алматы қаласы Абай атындағы республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын мектеп-интернатына кәсіби бағдар беру мақсатында кафедраның аға оқытушысы М.Майлықұтованың ұйымдастыруымен кездесу өтті.



Мамандық таңдау – өмірлік мәні бар, болашақтың бағытын айқындайтын аса маңызды шешім. Осы тұрғыдан келгенде кітапқа, баспагерлікке, дизайнерлікке, редакторлыққа деген жаны құштар жас буынның болашағына бағыт беру мақсатында өткен бұл шараға кафедраның 3 курс студенттері ат салысты. Шара барысында мамандыққа баулу мақсатымен оқушыларға кафедраның аға оқытушысы М.Майлықұтова баспагер-редактор мамандығының қыр-сыры, кәсіби шеберлігі мен біліктілігі, уақыт талабына сай мамандық сұранысының басым бағыттарын баяндап, оқушылармен емен-жарқын әңгіме бөлісті.

Кәсіби бағдар беру мақсатында өткен кездесуде баспа ісі және дизайн кафедрасының 3 курс студенттері М.Лесхан, Б.Еркінбек, А.Қуантханова, Ф.Әліпбек оқушыларға өздерінің білім алып жатқан баспагер мамандығын жоғары деңгейде меңгіріп жатқандықтары жайлы әдемі әңгіме өрбітті. Ал, Б.Бексұлтан мен Ә.Азаматұлы ән айтып, күй тартып жас талапкерлерге өнерлерімен тәнті етті.

Сондай-ақ, кездесу соңында баспа ісі және дизайн кафедрасының меңгерушісі С.Медеубекұлы жас түлекке ҰБТ-дан жоғары ұпай жинап, сәтті таңдау жасап, болашағы бар баспагер мамандығына студент болып оқуға қабылдануларына тілектестік білдірді.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

ЖУРФАКТАҒЫ АЗЫҚ-ТҮЛІК ЖӘРМЕҢКЕСІ

Университетіміздегі «Көмек» еріктілер қозғалысы талай іс жасап келеді. Соның бірі жуырда ғана журналистика факультетіндегі ерікті қозғалыс мүшелерінің ұйымдастырумен өткен азық-түлік жәрмеңкесі болатын.



Журналистика факультетіндегі «Көмек» еріктілер қозғалысының төрайымы Гүлшат Тыныштықбай бұл шараның мақсаты бар, қайырымдылық шарасы екендігін жеткізді. Азық-түлік жәрмеңкесіне қойылған дәмді тоқаштар, бәліштер мен тәтті тағамдар, сусындарды студенттер арнайы өз қолдарымен әзірлепті. Шара аясында түскен қаржы алдағы уақытта денесінде ауытқушылығы бар балалар үйіне көмек ретінде жіберілмек. Ал, олардың бұл игі бастамасы, шараға қатысқан көп студентке үлгі болғаны рас. Жастардың өзі ортасында ерікті түрде келелі, сауапты істерге ұйытқы болып, еңбектенулеріне қарап, іштей ұлт болашағының тамыршылары деп ерекше сезіммен сезінесің. Алдағы уақытта да осындай игі шаралар өз жалғасын таппақ ниетте.

Алмагүл ҚҰРМАНБАЕВА,
Журналистика факультетінің доценті

СПОРТ

ДЕКАН КУБОГЫ

Жуырда биология және биотехнология факультетінде арасында мини-футболдан «Декан кубогы» турнирі ұйымдастырылды. Факультет деканы профессор Тамара Шалахметова турнирге қолдау танытса, биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының аға оқытушысы Нұрлан Баймұрзаев және дене шынықтыру кафедрасының оқытушысы Наталья Таганова жарыстың бас төрешілері болды. Жарыста биология және биотехнология факультетінің студенттік деканы Қуаныш Тастамбек ұйымдастыруымен студенттердің өзін-өзі басқару ұйымдарынан құралған қыздар тобы ойыншыларға қолдау көрсетті.

Намысты қолдан бермейтін жігіттер өз күштерін барынша салып, оза шыққа үштікке «Балық шаруашылығы және өндірістік балық аулау» мамандығының 3 курс студенттерінен құралған команда, «Экология» мамандығының 4 курс студенттерінен құралған командасы және «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының студенттерінен құралған команда ілінді. Үштіктің алды болған, декан кубогын қанжығаларына байлаған 3 курс студенттерінен құралған команда болды. Сонымен қатар үздік ойын көрсеткен қақпашылар да шетте қалмай, «Үздік қақпашы» номинациясын Саламат Қартбаев, «Үздік шабуылшы» номинациясын Шыңғыс Жақсығұлов алды. Ал «Үздік бомбардир» атауы Бекболат Байжігітовке, сондай-ақ «Үздік қорғаушы» Мәди Сарыбаевқа бұйырды. Жарыс соңында биология және биотехнология факультетінің спорт мәселелерінің жетекшісі Нұрлан Баймұрзаев жеңімпаздарды бағалы сыйлықтармен марапаттап, құттықтады.

Г.К. САТЫБАЛДИЕВА,

деканның оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары

МЕРЕЙТОЙЛЫҚ КУБОК ӨЗ ИЕСІН ТАПТЫ!

Жуырда университетіміздің 80 жылдығына орай философия және саясаттану факультеті футболдан студенттер арасында «Декан кубогы» жарысын өткізді. Додалы бәйгеге философия және саясаттану факультетінің оқытушылар құрамасы, саясаттану, дінтану, әлеуметтану мамандықтары мен дайындық факультетінің студенттері қатысты.

Бұл шараның басты мақсаты – жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру және оларды спортқа баулу.

Жарыста жалпы 11 команда өз бақтарын сынап көрді. Футзалдан болған жарыстың қорытындысы бойынша 1 орынды және кубокты «Саясаттану бөлімінің 4 курс студенттері» командасы жеңіп алды. 2 орын дайындық факультетінің «Зулфуһар» ұжымына, 3 орын №9 Студенттер үйінің «Бенфика» құрама командасына бұйырды. Жарыстың «Ең үздік қақпашы» атағын «Зулфуһар» ұжымының ойыншысы Хайдар Мұртаза, «Ең үздік қорғаушы» атағын «Саясаттану бөлімінің 4 курс студенттері» командасы ойыншысы Нұржан Жұмабайұлы, «Ең үздік шабуылшы» атағын «Жеңіс» ұжымының ойыншысы Еркебұлан

Смайлов жеңіп алды.

Жарыс тартысты әрі қызықты өтті. Соның көрінісі ретінде жанкүйерлерде өз командаларына барын салып қолдау көрсетті. Жарысқа келген жанкүйерлерде бос қайтпады. Нәтижесінде «Ең үздік жанкүйер» атағына Саясаттану бөлімінің 3 курс студенті Набиев Береке ие болды.

Сонымен қатар Философия және саясаттану факультетінің ұжымы жарыстың өтуіне тікелей атсалысқан және белсене араласқан дене шынықтыру кафедрасының оқытушысы Кириенко Светланаға өз алғысын білдіреді.

А. А. КЕҢЕСОВ,

саясаттану кафедрасының доценті,
С.Ф.К

ЖЫЛДАМ, БИІК ӘРІ КҮШТІ!

Жақында №8 Студенттер үйі жанындағы спорт алаңында механика кафедрасының ұйымдастыруымен және дене шынықтыру және спорт кафедрасының қолдауымен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 80 жылдығына арналған «Жылдам, биік әрі күшті!» атты спорттық іс-шара өткізді.

Жүзден аса студент қатысқан жарыста студенттер спорттың алты түрінен сайысқа түсті: футбол, волейбол, теннис, тоғызқұмалақ, шахмат, арқан тартыс. Жарысқа футболдан 8 команда, волейболдан 4 команда, тенниске 29 студент, шахматқа 16 студент, тоғызқұмалаққа 4 студент, арқан тартысқа 4 команда қатысты.

Футболдан – механика мамандығы бойынша оқитын 3-курс студенттерінің командасы, волейболдан – жатақхана студенттерінің құрама командасы (Команда капитаны, эдвайзер М. Ноғайбаева), теннистен – Бекмолдин Даулет, шахматтан – механика мамандығы бойынша оқитын 3-курс студенті Тұтқабай Әділет, арқан тартысудан – механика мамандығы бойынша оқитын 1-курс магистранттарының командасы (Нұрлан Шаяхметов, Бақытжан Наурызбаев, Азамат Зауырбеков, Дархан Байарыстанов, Ернар Жошиев, Мақсат Құрмансейіт), тоғызқұмалақтан – механика мамандығы бойынша оқитын 3-курс студенті Гүлдана Камалади жеңімпаз атанды.

Д. Е. ТУРАЛИНА,

механика кафедрасы меңгерушісінің орынбасары

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Тілші – Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА
Корректорлар: Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА
Дизайнер – Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.
Электронды мекен-жай: kazuniver-gazeti@mail.ru
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
"Бизнес Информ" баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.
Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс № 11 198

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.